

**МАНИПУЛЯЦИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПЕДАГОГОМ И УЧЕНИКОМ**  
**ПЕДАГОГТАР МЕН ОҚУШЫЛАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ МАНИПУЛЯЦИЯЛАР**  
**MANIPULATION OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN TEACHERS AND PUPILS**

**Хамзина К.Б.**

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,  
Қостанай, Қазақстан*

**Аннотация**

В данной статье рассматривается вопрос о формировании педагогической культуры будущих учителей.

**Ключевые слова:** педагог, ученик, взаимодействие, манипуляция.

**Keywords:** teacher, pupil, interaction, manipulation.

Педагогтардың өздерінің оқушыларымен және әріптестерімен араларындағы қарым-қатынастары әркез ашық және шынайы өтеді деуге әсте болмайды. Олар әңгіме барысында бір-біріне бір нәрсені айтып тұрып, өздері екінші бір нәрсе туралы ойлап тұрады, сырттай қайырымды және шынайы көрінгендерімен, ішкі дүниелері дұшпандық пен агрессияға толы болып, өзінің серіктесін үнемі алдап тұрады. Сондықтан да қарым-қатынас барысындағы манипуляция туралы мәселе барлық педагогтар үшін өте маңызды деуге болады. Қарым-қатынастағы манипуляция деп қоғамда бір серіктестің белгілі бір пайда алу мақсатында екінші серіктеске көрсеткен іс әрекеттер жүйесін атайды. Бұл әдетте бір нәрсені асқан ептілікпен айнытпай жасауды қажет ететін шеберлік ойыны деуге болады. Қарым-қатынастағы манипуляция – бұл сөздің, ымның, қимылдың және басқа да байланыс құралдарының көмегімен атқарылатын мінез-құлықтың ептілігі.

Іс жүзіндегі қарым-қатынастағы манипуляция өте маңызды екі белгісі туралы айтып кетуге болады. Біріншісі – бұл манипуляция нақты бір серіктеспен қатынасқа түсу барысында қол жеткізуге тырысатын пайданың болуы. Мұндай пайдаға манипуляторға ұнаған, оның «сыйлық» есебінде қолына түсіргісі келген қандай да бір зат болуы мүмкін. Пайда есебінде басқа да өмірлік қажеттіліктер: серіктесінің манипуляторға қатысты ерекше қатынасы, қандай да бір мәселені шешудегі қолдауы, қажетті адамдармен керек кезінде байланысқа түсуі, жауапкершіліктен кетуі және т.б. болуы мүмкін. Бұған бұлардан басқа белгілі бір психологиялық пайда әкелуі мүмкін манипуляция серіктесімен қатынасқа түсу барысында оны күлкіге айналдыру, ыңғайсыз жағдайда қалдыру, жасырын «намысына

тию», психологиялық сенімділікке ие болуы және өзінің жазасыз қалып отыруы секілді көрсеткіштерді жатқызуға болады. Екінші белгісі – бұл манипуляция серіктесінің мінезін өзіне қажетті арнаға бұру үшін немесе серіктесімен салыстырғанда өзіне тиімді жағдайды қамтамасыз ету мақсатында қолданатын манипуляцияның арнайы әдістері болып табылады. Жүргізілген бақылаулар адамдардың көпшілігінің бір-бірімен қарым-қатынас барысында манипуляция пайдаланатындары анықталған. Педагогтар мен мектеп оқушылары да бұлардан тыс қалмаған. Сұрауға жауап берген оқытушылар мен оқушылардың 60% өздерінің серіктес-терімен қатынасқа түсу барысында манипуляция қолданатындарын мойындаған. Оқушылардың бұған келтірген себептерінің ішінен «Жауапкершіліктен кету мақсатында», «Неғұрлым жоғары баға алу үшін», «Сыныптасыма көмек көрсету үшін», «Сыныбымды жәрдемдесу үшін» деген жауаптарды атап өтуге болады. Оқытушылар манипуляцияны «Сабақта жұмыс жағдайын қамтамасыз ету», «Тәртіп бұзушылықтың алдын алу», «Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру» мақсаттарында жүгінген [1, б. 28].

Оқытушылар мен оқушылардың манипуляция жүгінулерінің себептері әр түрлі болғандықтарына қарамастан, үлкендер мен балалардың манипуляция қолданатындықтары жоққа шығарылмайды. Сондықтан да манипуляция себептері кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас үшін белгілі бір дәрежеде қызығушылық тудыруы мүмкін. Әр түрлі манипуляция кейбір ерекшеліктерін қарастырып көрелік. Манипуляция әдістерінің күрделілігіне байланысты манипуляцияны жай және күрделі деп бөлуге болады. Жай манипуляция болмашы әрекеттерден немесе манипуляция әдістерінің қарапайым жүйесінен тұрады. Мұндай манипуляция серіктесінің көңілін манипуляциялаушы өзіне тиімсіз мәселелерге қатысты әңгімеден басқа бағытқа аударып, оның назарын басқа тақырыпқа аудару мақсатында жүзеге асырылады. Күрделі манипуляция манипулятордың түрлі амалдарын араластырып қолданатын өте астарлы, шебер ойын деуге болады. Манипуляция негізгі мақсаты неше түрлі жолдармен бүркеліп, мұқият жасырылады. Бұл – негізгі мақсатты жүзеге асыру жолында манипулятордың серіктесінің назарын аудару үшін қолданатын сөздер мен әрекеттерінің қызықты амалы деуге болады. Мұндай амалға манипулятордың серіктесіне алдын ала жүргізген әрекеттерінен кейін оның бас тартуына мүмкіндік қалдырмайтын өтінішін жатқызуға болады.

Бұл серіктестігін өте қиын жағдайға қалдыратын басқа да әрекет болуы мүмкін. Манипуляцияның жай да, күрделі де түрлері манипуляцияның нәтижесінде алдаушының қол жеткізетін пайдасының жетістіктерінің сипатымен ерекшеленеді. Осының негізінде пайда үшін, риясыз (залалсыз) жәрдем беру үшін және қайырымдылық көрсету үшін жасалынатын манипуляцияларды атап көрсетуге болады. Пайда үшін жасалынатын манипуляция манипулятордың өзіне тиімді қандай да бір материалдық пайда табуына бағытталған. Риясыз (залалсыз) жәрдем беру үшін жасалынатын манипуляциялар – бұл манипулятордың өзінің қандай да бір пайда тапқысы келетіндігін онша жасырмайтын айқын әрекет болып табылады. Бұл жағдайда манипулятор ашық амалдарға көшеді: серіктесіне мақтаулар мен қолпаштаулар айтып, айтқандарын күліп тыңдап, оған ұнайтын істерді атқарып тастайды. Бұл орайда ол өзінің мақсатының серіктесіне түсінікті екендігін біледі, манипулятордың қолпаштаулары мен өтірік күлкісінің негізгі мүддесін, оның басты мақсатының не екендігін серіктесінің сезетіндігін түсінеді. Манипулятор серіктесінің мұның өзінің рөлін жақсы ойнап шыққанда қол жеткізетін табысына қарсы емес екендігін, бұған ренжімейтіндігін де сезеді, мойындайды. Сондықтан да манипулятор өзінің де, серіктесінің де көңілін көтере отырып, ашық ойнайды деуге болады. Ал егер мақсатына қол жеткізе алмаған жағдайда серіктесіне ренжімей, ешқандай өкпесіз өз жолдарымен кете баруға болады. Оған алдағы кезде бұл істі қайта қолға алуға болатын мүмкіндік себеп болып табылады. Кейде манипулятор өзінің мүдделері мен қолданған амалдарын өзінің мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін жариялауы мүмкін. Алайда манипулятор өзінің серіктестігіне арамдық ойламай, оны тек серіктесіне белгілі бір өмірлік сабақ беру үшін және әзіл үшін істегендіктен де мұндай манипуляцияларды риясыз (залалсыз) деп атауға болады. Қайырымдылық көрсету үшін жасалынатын манипуляциялар – бұл манипуляторшының қайырым жасау: әлсізді қорғау, қарым-қатынасты қалпына келтіруге көмектесу, келеңсіз әрекеттерден сақтандыру, қандай да бір жеке басының кемшіліктерінің орнын толтыру секілді мақсаттарды жүзеге асыру жолында дүниеге әкелетін әрекеттері. Бұл орайда манипуляцияның мақсаттары серіктеске жарияланбай және белгісіз болып қалады да, манипуляцияның амалдары шынайы адалдықпен және өте шеберлікпен жүзеге асырылады. Ойын неғұрлым шынайы және шебер болған сайын манипулятордың ғана емес, сондай-ақ оның «құрбандығының» да есебіне жазылатын жеңіс соғұрлым шынайы қабылданады.

Кейбір манипуляторға тән ерекшеліктер сипатын американдық психотерапевт Э. Шостром манипулятордың негізгі сегіз түрі бар деп санайды да оларға келесідей қызықты атаулар ұсынады: Үстемшіл, Шүберек, Калькулятор, Жабысқақ, Бұзақы, Сүйкімді жігіт, Төреші, Қорғаушы. Аталған түрлерге сүйене отырып, біз бұл манипуляторлар мен олардың қарым-қатынас жасау барысында қолданатын негізгі айдаларына тән сипаттама береміз [2, б. 15]. Үстемшіл. Манипуляторлардың мұндай түрлері серіктесіне өзінің күшін, билігін, беделін, өзінің мықты қолдаушыларын көрсетуге тырысады. Ол серкітесін бұйрықтың көмегімен немесе табанды өтінішінің көмегімен, әсіресе, лауазымы жоғары болса басқарғанды ұнатады. Өзінің дәрмені жетпейтін болған жағдайда белгілі тұлғалардың өзінің танысы екендігін, олармен араласып тұратындығын айту арқылы өзін маңызды қылып көрсетуге тырысады. Өзінің шешімдерін жоғары басшылардың немесе беделді тұлғалардың қолдағандықтарының негізінде жүзеге асқандығын алға тартумен болады. Мұндай адамдар үшін серіктесінің оның бұйрықтары мен өтініштерін орындағаны, сондай-ақ онымен кездескен, қандай да бір мәселелерді шешкен сәттерде құрметпен қарауы пайда болып табылады.

Шүберек. Манипуляция манипулятордың өзін диктатордың құрбаны ретінде көрсетуімен сипатталады. Манипулятор барлық өзін қоршаған ортаға және өзінің қатынасқа түскелі отырған нақты серіктесіне өзін жалпы жақсы, қалыпты адам екендігін, жақсы оқушы немесе жұмысшы екендігін көрсетіп бағады. Әдетте оның қолынан барлығы келеді. Мысалы, студент емтиханнан кейін үйіне келгеннен кейін емтиханды бүгін қандай қиын жағдайда тапсыруға тура келгендігін айтып шағымданады. Ол емтихан тапсыратын пәннің аса күрделі, емтихан сұрақтарының көп, ал дайындалуға бөлінетін уақыттың тым аз екендігін айтады. Алайда басты қиындық емтихан қабылдаушы оқытушының аса қатал адам екендігі хабарланады. Ал оның бүгін ерекше «көңілсіз» болғандығын және көптеген студенттерге төмен балл қойғандығын, кейбір студенттердің емтиханнан кейін жылағандарын айтады. Соның қырсығынан студенттің де жолы болмады: емтихан алушы қатты шүйлігіп, өтілген барлық тақырып бойынша «тексеріп шықты» да ақыр аяғында орташа балл қойды. Енді студент шәкіртақысыз қалып, бұл оның жанына қатты бататын болды. Ал студенттің сабақты дұрыс оқымай, емтиханға тиісті дәрежеде дайындалмағандығы жөнінде әрине ештеңе айтылмайды. Студент өзін қатал емтихан алушының құрбаны ретінде көрсетіп, біріншіден өзінен өзін ақтамақ болса, екінші жағынан ата-анасының түсіністігі мен аяушылығын

тудырғысы келеді. Егер ата-анасы оны жұбатып, оған қолдау көрсете бастаса, студент алдына қойған мақсатына қол жеткізді деуге болады.

Калькулятор. Манипуляцияның мәні манипулятордың бекітілген тәртіптің, ережелер мен нұсқаулықтардың маңыздылығын саналы түрде асыра көрсетуге саяды. Ол құжат жүргізудің міндеттілігін, барлық ұсақ-түйектің мұқият құжатталуы қажет екендігін айтумен болады. Міндетті түрде оның өзін де қатаң бақылайтындығын, өзіне келеңсіздіктердің қажет еместігін атап өтеді. Оның психологиялық жеңісі серіктесінің көзінен абыржуды, ыңғайсыз сезінуді, қысылуды, өзінің мәселесін шешкісі келетіндігін, алайда ереже мен нұсқаулықты бұзуға болмайтындығын түсінетіндігін көруі болып табылады. Бекітілген тәртіпті калькулятор, тек ерекше, бұзбауға болмайтын жағдайда ғана бұза алады. Ол жалпы өзінің мұндай іспен айналыспайтындығын, алайда сіз үшін мұндай шараға бара алатындығын хабарлаудың амалын табады. Егер сіз оның мұндай қайырымдылығын немесе көмегін ұмытпайтындығыңызды жеткізсеңіз, ол өзінің тұрмыстық немесе материалдық қажеттілігін ұтысын қанағаттандыра алады.

Мұндай манипуляторлар нұсқаулықтар мен заңдарды ғана пайдаланып қоймай, моральдық нормалар мен құндылықтарды, серіктестің бойында борышкерлік, жауапкершілік, сөзінде тұру, әлсіздер мен қорғансыздарға көмек көрсету секілді сезімінің пайда болуын да іске қоса алады. Осылайша асқан шеберлікпен ең қарапайым жұмыстың маңыздылығын арттырып және оны істеп көруге мүмкіндік тудыра отырып манипулятор өзінің психологиялық және материалдық пайдасына қол жеткізеді.

Жабысқақ. Манипулятордың бұл түрі өзінің барлық кейпімен орын алған жағдайдың құрбаны болғандығын көрсетіп бағады. Ол үнемі жолы болмайтын, бақытсыз бір жан. Ол қолдау мен қамқорлықты қажет ететін дәрменсіз бала. Оған оны жұрттың тыңдағаны, олардың оның қиындықтарын түсінгендері, олардың оны шешуге көмектескендері керек. Сіздің көмегіңізсіз ол ештеңе істей алмайды. Сізсіз ол күн көре алмайды. Сондықтан да сіздің соңыңыздан қалмайды, жалынады, өтінеді, көмек сұрайды. Егер сіз оған көмек көрсетуге келісім берсеңіз онда ол жеңіске қол жеткізген болып шығады. Осы үшін ол сізге жабысып бақты, осы мақсаты үшін өзінің дәрменсіздігін дәлелдеп бақты. Жабысқақ біреуді тыңдауға, «жәбір көрушіні» ойнауға дайын және өзінің мүмкіндіктерін толық аша бермейді. Кейде ол өзінің дәрменсіздігін немесе әлсіздігін ешкімге айтпай-ақ көрсете алады. Алайда ол өзінің осындай адам

екендігін нақты кімнің немесе кімдердің көрулері керек екендігін жақсы біледі. Ол дәл осылардан белгілі бір пайда табуды күтеді.

Бұзақы. Бұл біршама агрессивті манипулятор. Ол серігіне өзінің арам ойлылығын көрсетіп, әңгіме барысында қорқытуды, қорлау мен ұятсыздығын пайдалана алады. Агрессорлық, тіпті бұзақылық әрекеттерін қолдана отырып серіктесін ыңғайсыз жағдайға қалдыруға тырысады, оны әңгімелесудің қалыпты жағдайынан шығару арқылы өзінің ойының жүзеге асуын қамтамасыз етуге тырысады. Бұл – манипулятордың басты мақсаттарының бірі. Ол сондай-ақ серіктесінің абыржып, сасқалақтап, қорланып тұрғанын және ұятсыздық пен бұзақылыққа қарсы әрекет ете алмай тұрғандығын көріп белгілі бір психологиялық жетістікке ие бола алады. Бұзық кейпіндегі манипулятордың өзінің әңгімелесіп отырған серігіне түрлі сөздерді қолдана алады. Алайда ол белгілі бір деңгейден асып кетіп, қол жұмсауға жол беретін болса, онда бұл жағдайда ол манипулятор болудан қалып, қарапайым амалды қолданушы кәдімгі бұзақыға айналады.

Сүйкімді жігіт. Бұзықпен салыстырғанда бұл манипулятор сізге өзінің ықыласын, қамқорлығын және мейірімділігін көрсетіп бағады. Ол сізге үнемі жақсылық істегісі келіп тұрады. Ол сізден мақтау мен қолпаштауды аямайды. Ол сіздің мәселелеріңізді шешуге қашанда дайын. Бұл оған ешқандай қиындық тудырмайды. Бұл оған қуаныш, ризашылық әкеледі. Сіз оның көмегіне үміттеніңіз аласыз. Ал қайырымдылыққа қайырымдылықпен жауап беру ләзім екендігі белгілі. Ол бұл туралы қайталай бермейді, тек сіздің мұны ұмытпайтындығыңызға сенеді. Әдетте оның үміті ақталып жатады. Бозбала – біршама жиі кездесетін манипулятор болып табылады.

Төреші. Бұл манипулятор серігінің алдында дүниенің барлық қырсырын білетін сыншы, ештеңеден именбейтін әшкерелеуші және айыптаушы ретінде көрінеді. Ол өзінің пікірі мен шешімін нақты айтып, оқиғалар мен адамдарға баға береді, біреулердің қателіктері мен кінәларын мойындатады. Төреші өзінің пайдасын серіктесінің әрекетінен алады. Олар серіктесінің оған таққан жазғырулар мен айыптауларға жауап бере алмағандықтан оның бойында пайда болатын қысылу, қорқыныш, ыңғайсыздану секілді сезімдер болуы мүмкін. Бұл сондай-ақ сырттан бақылап тұрған адамдардың оның батыл шешімдеріне көрсеткен қолпаштаулары да болуы мүмкін. Төреші психологиялық пайданың сыртында материалдық пайда да табуы мүмкін. Сондықтан манипуляторлар дәл осындай адамдарды басты назарларына ұстайды.

Қорғаушы. Бұлар қателік жасаған немесе ыңғайсыз жағдайға тап болған серіктесіне көмек көрсетуге, оған қолдау көрсетуге, оны сыннан, орын алуы мүмкін ақымақтықтан қорғауға әрекет жасайды. Өзінің қателікке деген аянышын немесе кешірімділігін көрсетіп бағады, серкітесінің алдында өзін қайырымды, қолдаушы әрі қамқор адам ретінде көрсетеді. Егер серіктесі Қорғаушының сөзіне құлақ қойып, оның ұсыныстарын қабылдайтын болса, онда манипулятордың психологиялық жеңісі болып табылады. Ал егер серіктесі Қорғаушының қамқорлығын ұмытпайтындығын ескертсе, онда соңғысының белгілі бір деңгейдегі материалдық марапаттауға ие болатындығы анық. Мұндай манипуляцияны тек достығы берік, ұйымшыл, адамгершілік құндылықтарды жоғары қоятын ұжымда ғана жүзеге асыруға болады. Жұмысқа келмеушіні немесе кешігіп келушіні манипуляциялау жұрттың алдында оны қорлау, беделін түсіру үшін емес, ұжымда қоғамдық пайдалы жұмыстан қашатындарды болдырмауды тәрбиелеу мақсатында жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілер бүгінгі жұмыстан қашушының ертең жұртпен бірге жұмысқа шығып, жұрттың көзіне «сүйел» болып көрінбей, «өздерінің жігіттері» болғандарын қалайды.

Бұл мақаланың өзекті жағы – тиімді манипуляцияны тек достығы берік, ұйымшыл, адамгершілік құндылықтарды жоғары қоятын ұжымда ғана жүзеге асыруға болады. Сол арқылы педагогикалық қарым-қатынастың өзіне тән мәдениеті қалыптасады.

#### **Библиографиялық тізімі**

1. Лобанов А.А. Манипуляций в общении. – Владимир, 1997.
2. Шостром Э. Анти-Карнеги или Человек-манипулятор. – Минск, 1992.

**РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА СТУДЕНТОВ  
СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ  
DEVELOPMENT OF CREATIVE POTENTIAL OF STUDENTS  
Шалгимбекова А.Б., Ермаганбетова А.Ж.**

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,  
Қостанай, Қазақстан*

#### **Аннотация**

В статье отражены идеи развития творческого потенциала студентов в процессе их профессионально-педагогической подготовки. Рассмотрены